# Мұқтаж азаматтарға олардың білім алу кезеңінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздері туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы N 738 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.12 № 320 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мұқтаж азаматтарға олардың білім алу кезеңінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздері туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері әлеуметтік қорғау кепілдіктерінің орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Мыналардың:

1) "Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау жөніндегі шұғыл шаралар туралы және білім беру мекемелерінің балаларын, тәрбиеленушілерін, оқушылары мен студенттерін киіндіруге және тамақтандыруға арналған шығындардың заттай мөлшері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 наурыздағы N 376 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 11, 130-бет);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 тамыздағы N 987 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгертулердің 16-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 33, 313-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 17 мамырдағы
N 738 қаулысымен
бекітілген

## Мұқтаж азаматтарға олардың білім алуы кезеңінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздері туралы нұсқаулық

## 1. Жалпы бөлім

1. Мұқтаж азаматтарға олардың білім алуы кезеңінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздері туралы осы нұсқаулық "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес әзірленді. Қараңыз Z070319

Осы Нұсқаулық, сондай-ақ сәбилер үйіндегі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз етуді де көздейді.

2. Мемлекет азаматтардың мынадай санаттарын:

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды;

даму мүмкіндіктері шектеулі, мүгедек және интернаттық мекемелерде тұратын бала кезінен мүгедек балаларды, мүгедек балаларды, олардың білім алуы кезеңінде ұстауға арналған шығыстарды толық көтереді.

Мемлекет, сондай-ақ сәбилер үйіндегі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды ұстауға арналған шығыстарды толық көтереді.

Толық мемлекеттік қамтамасыз ету: тұруды, тамақтандыруды, киіндіруді, медициналық көмек алуды, оқулықтармен, жұмсақ мүкәммалмен және жабдықтармен қамтамасыз етуді қамтиды.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.07. N 1032 қаулысымен.

3. Интернаттық мекемелерде тәрбиеленетін балалардың тұруы, медициналық көмек алуы, жұмсақ мүкәммал және оқулықтар үшін шығыстарды мемлекет көтереді. Нұсқаулықтың 2-тармағында көрсетілгендерден басқа, тамақтануға арналған шығыстар тамақтану құнының 20 пайызы мөлшерінде ата-аналардың төлеуі есебінен жабылады. Тамақтануға арналған шығыстар жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жергілікті бюджеттердің есебінен жабылуы мүмкін.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасынан шыққан балалар; көп балалы отбасынан шыққан балалар; қорғаншылықтағы (қамқорлықтағы) және патронаттағы балалар жалпы білім беретін мектепте

оқыған кезеңінде мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің жанындағы Жалпыға міндетті орта білім қорының қаражаты есебінен бір мәрте тамақтануға мектеп және спорт киімін алуға құқығы бар, сондай-ақ жергілікті бюджет қаражатының есебінен оқулықтармен тегін қамтамасыз етіледі.

Жоғары, орта және бастауыш кәсіптік оқу орындарының жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қамқорлықтағы (қорғаншылықтағы) және патронаттағы студенттері мен оқушылары, сондай-ақ кәсіптік мектептер ( лицейлер) оқушылары оқу процесі кезеңінде республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен жетім балаларға арналған бір күнгі тағам мөлшері құнының 40 пайызы есебімен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 3-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.25. N 139 қаулысымен.

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.09. N 1046 қаулысымен.

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

4. Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары, мемлекеттік білім ұйымдары демеушілік және қайырымдылық көмектерден алатын және қолданылып жүрген заңдарда рұқсат етілген, білім беру және өзге де ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан мемлекеттік ұйымдарға түсетін қаражаттар әлеуметтік көмек көздері болып табылады.

## 2. Мұқтаж азаматтарға олардың білім алуы кезеңінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздері

5. Мемлекеттік мектепке дейінгі, жалпы орта, бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарында (түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) тәрбиеленетін және оқитын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы азаматтар үшін:

1, 2-қосымшаларға сәйкес киіммен, аяқ-киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары;

4, 5, 7-қосымшаларға сәйкес тамақтандырудың заттай нормалары;

жабдықтар, мүкәммал сатып алуға және үйлер мен ғимараттарды күрделі жөндеуді жүргізуге арналған шығыстарды есептемегендегі барлық тәрбиеленушілер мен оқитындарды ұстау құнының кемінде 3 пайызы мөлшерінде шаруашылық заттарын, жеке бастың гигиенасына қажетті заттарды, ойыншықтар, көркем әдебиет қорын сатып алуға, мәдени-көпшілік іс-шараларға арналған шығыстардың сомасы белгіленеді.

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

6. Мемлекеттік білім беру ұйымдарын (түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) бітірген, жетім балалар мен ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған балаларға бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім ұйымдарына оқуға түскен кезде 8-қосымшаға сәйкес жаңа киімнің, аяқ киімнің жиынтығы, сондай-ақ екі айлық есепті көрсеткіштер сомасында біржолғы ақшалай жәрдемақы беріледі.

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

7. Оқу кезеңінде толық мемлекеттік қамтамасыз етуде болған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы бітірушілер жұмысқа жіберілген және еңбекке орналастырылған кезде тиісті мемлекеттік білім ұйымдарының қаражаты есебінен, 9-қосымшаға сәйкес киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ мүкәммалмен және жабдықтармен, сондай-ақ төрт айлық есепті көрсеткіштер сомасында бір жолғы ақшалай жәрдемақымен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік білім ұйымдарының басшыларына білім ұйымын (түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) бітіруші жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тілегі бойынша, 9-қосымшада көзделген киімнің, аяқ киімнің, жұмсақ мүкәммалдың және жабдықтардың орнына, қажет болған жағдайда, екінші деңгейдегі банкке бітірушінің атына салым аудару арқылы ақшалай өтемақы беру құқығы беріледі.

Жергілікті атқарушы органдар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, білім мекемелерінің (түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы бітірушілерін міндетті түрде еңбекке орналастыруды қамтамасыз етеді және оларға тұрғын үй береді.

8. Жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мектептен тыс мемлекеттік ұйымдарда білім алуы аталған ұйымдардың есебінен жүзеге асырылады.

9. Білім алу кезеңінде толық мемлекеттік қамтамасыз етуде болған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жол жүруге байланысты шығыстары оқушылардың және студенттердің жол жүру билеттерінің құны есебімен мемлекеттік білім ұйымдарының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қамқорлықтағы (қорғаншылықтағы) және патронаттағы балалар, жергілікті өкілетті органдардың шешімі негізінде, жол жүруге байланысты жеңілдіктер мен шығыстарды пайдаланады.

10. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалар (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардан басқа), мүгедек балалар, мінез-құлқы ауытқымалы балалар, көп балалы отбасынан шыққан балалар, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан балалар мен қорғаншылықтағы (қамқорлықтағы) және патронаттағы, интернаттық ұйымдарда тәрбиеленуші балалар, кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және сауықтыру

орталықтарындағы балалар, орта арнаулы музыка және көркем сурет мектептерінің оқушылары мен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінің студенттері үшін:

3-қосымшаға сәйкес киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары;

5-қосымшаға сәйкес тамақтандырудың заттай нормалары белгіленеді.

Жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарда, мектеп жанындағы интернаттарда тұратын балалар үшін жұмсақ мүкәммалмен, тамақтандырудың заттай нормаларымен қамтамасыз етудің нормалары 5 және 12-қосымшаларға сәйкес белгіленеді.

Балалар яслилерінде, бала бақшаларда, ясли-бақшаларда және мектепке дейінгі санаторийлік ұйымдарда тәрбиеленуші жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін тамақтандырудың заттай нормалары 4-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.14 N 1050, өзгерту енгізілді - 2008.09.11 N 847 Қаулыларымен.

11. Толықтай және ішінара мемлекеттік қамтамасыз етудегі жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын мамандандырылған мектеп-интернаттарда, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерде оқитын оқушылар үшін тамақтандырудың заттай нормалары 6-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

12. Сәбилер үйінде тұратын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін:

10-қосымшаға сәйкес киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары;

11-қосымшаға сәйкес тамақтандырудың заттай нормалары белгіленеді.

## 3. Білім беру ұйымдары басшыларының әлеуметтік көмек көрсетудегі құқықтары

13. Бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беретін мемлекеттік білім ұйымдарының басшыларына:

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатарынан оқушылар мен студенттерге каникул кезеңінде заңнамада белгіленген тәртіппен оқу орны қаражатының есебінен олар тәрбиеленген ұйымдарға және отбасыларына жол жүру ақысын, тәуліктік шығыстарды төлеуге;

каникул кезінде ұйымдастырылған демалыс орындарына бармайтын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатарынан оқушылар мен студенттерге, тамақтануға арналған тәуліктік норма құнының шегінде, қолма-қол ақша беруге құқық беріледі.

14. Мемлекеттік білім ұйымдарының басшыларына мүмкіндіктер болған жағдайда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүгедек және бала кезінен мүгедек балаларды еңбек лагерьлеріне, пансионаттар мен профилакторийлерге, демалыс үйлеріне, студенттік сауықтыру лагерьлеріне, ал дәрігерлік көрсеткіштері болған жағдайда тиісті бейіндегі санаторийлерге жолдамамен тегін қамтамасыз ету құқығы беріледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 14 қазандағы
N 1050 қаулысына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

## Мемлекеттік мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында ( түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) тәрбиеленетін және оқитын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы азаматтарды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету
## Нормалары

| Атауы | Өлшем бірлігі | Мектеп жасындағы бір тәрбиеленушіге | | Мектеп жасына дейінгі бір тәрбиеленушіге | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | саны | киілу мерзімі (жыл) | саны | киілу мерзімі (жыл) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| **Киім-кешек** | | | | | |
| Қысқы пальто, тон | дана | 1 | 2 | 1 | 2 |
| Маусымдық пальто, күрте | " | 1 | 2 | 1 | 2 |
| Мектеп киімі | жиынтық | 1 | 1 | - | - |
| Ер балалардың мақта-матадан | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тігілген ақ көйлектері | дана | 2 | 2 | - | - |
| Спорттық киім және кедалар | жиынтық | 1 | 1 | - | - |
| Ер балалар костюмі | " | 3 | 2 | 3 | 1 |
| Қыз балалардың көйлектері (белдемелер, жейделер) | дана | 3 | 2 | 3 | 1 |
| Қыз балалардың үйде киетін халаттары | " | 2 | 2 | 2 | 2 |
| Ер балалардың мақта-матадан тігілген сыртқы көйлектері | " | 3 | 1 | 3 | 1 |
| Жүннен тоқылған мерекелік көйлектер | дана | 2 | 1 | 2 | 1 |
| Жүннен тігілген мерекелік костюм | жиынтық | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Жүннен тоқылған свитерлер (жемпірлер) | дана | 1 | 2 | 2 | 2 |
| Жазғы мерекелік көйлектер | " | 2 | 1 | 2 | 1 |
| Қыз балалардың бүрмелі іш киімі (гамаждар) | " | 2 | 1 | 2 | 1 |
| Жазғы бас киім | " | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Қысқы бас киім | " | 1 | 2 | 1 | 2 |
| Күзгі-қысқы бас киім | " | 1 | 2 | 1 | 2 |
| Іш киім | жиынтық | 2 | 1 | 5 | 2 |
| Қол орамалдар | дана | 4 | 1 | 4 | 1 |
| Ер балалар шалбарының белбеуі | " | 1 | 1 | - | - |
| Жартылай жүнді шарф | " | 1 | 2 | 1 | 2 |
| Қолғап (биялай) | жұп | 2 | 1 | 3 | 2 |
| Қыз балалардың бюстгальтері | дана | 3 | 1 | - | - |
| Майкалар, трусилер | " | 3 | 1 | 3 | 1 |
| Мақта-матадан тоқылған колготки, ұйық, гольфтар | жұп | 3 | 1 | 6 | 1 |
| Жүннен тоқылған колготки, ұйық, | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| гольфтар | " | 2 | 1 | 2 | 1 |
| Бәтеңкелер, туфлилер (сандалдар) | " | 3 | 1 | 3 | 1 |
| Кроссовкалар | " | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Үйде киетін аяқ киім | " | 2 | 1 | 3 | 1 |
| Етіктер, бәтеңкелер (қысқы) | " | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Резеңке етіктер | " | 1 | 2 | 1 | 1 |
| Спорттық бас киім | " | 1 | 2 | 1 | 2 |
| Түнгі көйлектер, пижамалар | " | 2 | 1 | 2 | 1 |
| Шұлық | " | 5 | 1 | 6 | 1 |
| Алжапқыштар (көкірекшелері) | " | - | - | 2 | 1 |
| Құмда жату, шомылу, малту іш киімдері | " | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Жұмыс киімі | жиынтық | 1 | 2 | 1 | 2 |
| Портфельдер, сөмкелер | дана | 2 | 2 | - | - |
| Шамадан | " | 1 | 5 | 1 | 5 |
| **Жұмсақ мүкәммал** | | | | | |
| Ақ жайма | дана | 3 | 2 | 5 | 2 |
| Көрпе тысы | " | 2 | 3 | 3 | 3 |
| Жастықтың тысы (ішкі) | " | 1 | 4 | 1 | 4 |
| Жастықтың тысы (сыртқы) | " | 3 | 2 | 3 | 2 |
| Мақта-матадан жасалған вафельді сүлгі | дана | 3 | 2 | 3 | 2 |
| Түкті сүлгі | " | 3 | 3 | 3 | 2 |
| Жүннен немесе мақтадан жасалған көрпе | " | 1 | 6 | 1 | 6 |
| Бәйкі көрпе | " | 1 | 4 | 1 | 4 |
| Матрац | " | 1 | 4 | 1 | 3 |
| Мамық қауырсынды жастық | " | 1 | 8 | 1 | 8 |
| Төсек жапқыш | " | 1 | 6 | 1 | 6 |
| Кереует алдындағы | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| кілемше | " | 1 | 4 | 1 | 4 |

Ескерту: Білім беру ұйымдарының басшыларына сән мен тәрбиеленушілердің мүдделерін ескере отырып, көрсетілген құн шегінде осы тізбеге жекелеген өзгерістер енгізу құқығы беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 1050 қаулысына 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

## Мемлекеттік бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитын (түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатарынан студенттер мен оқушыларды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету Нормалары

| Атауы | Өлшем бірлігі | Беру мөлшері | | Киілу мерзімі (жыл) |
|---|---|---|---|---|
| | | ер балалар үшін | қыздар үшін | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **Киім-кешек** | | | | |
| Жылы күрте | дана | 1 | 1 | 2 |
| Жүннен тігілген жасөспірімдердің үштік костюмі | жиынтық | 1 | - | 2 |
| Жүннен тігілген қыздардың үштік костюмі | " | - | 1 | 2 |
| Қыздардың жейдесі | дана | - | 1 | 1 |
| Жасөспірімдердің көйлегі | " | 1 | - | 1 |
| Қыздардың қысқы көйлегі | " | - | 1 | 1 |
| Қыздардың жейдесі мен белдемшесі | " | - | 1 | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жасөспірімдердің мақта-матадан тігілген костюмі | жиынтық | 1 | - | 1 |
| Жасөспірімдердің майкасы | дана | 2 | - | 1 |
| Қыздардың іш көйлегі | " | - | 2 | 1 |
| Қыздардың трикосы | " | - | 2 | 1 |
| Трусилер | " | 2 | 2 | 1 |
| Бас киім: қысқы | " | 1 | 1 | 2 |
| күзгі | " | 1 | 1 | 2 |
| Туфлилер | жұп | 1 | 1 | 1 |
| Бәтеңкелер | " | 1 | 1 | 1 |
| Жылы етік (қысқа қонышты етік) | " | 1 | 1 | 1 |
| Ауылдық кәсіптік мектеп оқушылары үшін керзі етік | " | 1 | 1 | 1 |
| Жасөспірімдердің қысқа жең көйлегі | дана | 2 | - | 1 |
| Қыздардың жазғы көйлегі | дана | - | 2 | 1 |
| Спорттық шәркейлер | жұп | 1 | 1 | 1 |
| Қолғап (биялай) | " | 2 | 2 | 1 |
| Мақта-матадан тоқылған ұйықтар | " | 4 | 2 | 1 |
| Жүннен тоқылған ұйықтар | " | 2 | 2 | 1 |
| Колготкилер | дана | - | 4 | 1 |
| Жартылай жүннен тоқылған колготкилер | " | - | 2 | 1 |
| Орамал (мойын орағыш) | " | 1 | 1 | 1 |
| Қол орамалдар | " | 4 | 4 | 1 |
| Жаттығу костюмі | жиынтық | 1 | 1 | 1 |
| Бюсгальтер | дана | - | 2 | 1 |
| Қыздардың түнде киетін көйлегі | " | - | 1 | 1 |
| **Жұмсақ мүкәммал** | | | | |
| Ақ жайма | дана | 3 | 3 | 2 |
| Көрпе тысы | " | 2 | 2 | 3 |
| Жастықтың тысы (ішкі) | " | 1 | 1 | 4 |
| Жастықтың тысы (сыртқы) | " | 3 | 3 | 2 |
| Мақта-матадан жасалған | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| вафельді сүлгі | " | 3 | 3 | 2 |
| Түкті сүлгі | " | 3 | 3 | 3 |
| Жүннен немесе мақтадан жасалған көрпе | " | 1 | 1 | 6 |
| Бәйкі көрпе | " | 1 | 1 | 4 |
| Матрац | " | 1 | 1 | 4 |
| Мамық қауырсынды жастық | " | 1 | 1 | 8 |
| Төсек жапқыш | " | 1 | 1 | 6 |
| Кереует алдындағы кілемше | " | 1 | 1 | 4 |

Ескерту: Оқу орындарының басшыларына көрсетілген құнның шегінде осы тізбеге жекелеген өзгерістер енгізу құқығы беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 1050 қаулысына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

**Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардан басқа) мүгедек балаларды және мінез-құлқы ауытқымалы балаларды, көп балалы отбасынан шыққан балаларды арнаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларын және қорғаншылықтағы (қамқорлықтағы) және патронаттағы, интернат ұйымдарында тәрбиеленетін балаларды киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету Нормалары**

| Атауы | Өлшем бірлігі | Бір тәрбиеленушіге арналған норма | Киілу мерзімі (жыл) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **Киім-кешек** | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қысқы пальто | дана | 1 | 3 |
| Маусымдық пальто, күрте | " | 1 | 3 |
| Мектеп киімі | жиынтық | 1 | 2 |
| Ер балалардың мақта-матадан тігілген костюмі | " | 1 | 2 |
| Қыз балалардың мақта-матадан тігілген көйлектері (белдемелер, жейделер) | дана | 4 | 3 |
| Ер балалардың мақта-матадан тігілген сыртқы көйлектері | " | 4 | 2 |
| Жүннен тоқылған свитер (жемпір) | " | 1 | 2 |
| Қыз балалардың рейтуздары | " | 1 | 1 |
| Қол орамалдар | " | 4 | 1 |
| Ер балалар шалбарының белбеуі | " | 1 | 2 |
| Жазғы бас киім | " | 1 | 2 |
| Қысқы бас киім | " | 1 | 3 |
| Жартылай жүннен тоқылған шарф | " | 1 | 3 |
| Қолғап (биялай) | жұп | 2 | 1 |
| Қыз балалардың бюстгальтерлері | дана | 3 | 2 |
| Трусилер, майкалар | жұп | 2 | 1 |
| Спорттық киім | жиынтық | 1 | 2 |
| Кроссовкалар | жұп | 1 | 1 |
| Мақта-матадан тоқылған ұйық, гольфтар | жұп | 3 | 1 |
| Бәтеңкелер, туфлилер | " | 2 | 1 |
| Жүннен тоқылған ұйық, гольфтар | " | 2 | 1 |
| Шәркейлер | " | 1 | 1 |
| Түнгі көйлек, пижама | дана | 2 | 2 |
| Колготкилер | " | 2 | 1 |
| Жұмыс костюмдері | жиынтық | 1 | 1 |
| **Жұмсақ мүкәммал** | | | |
| Ақ жайма | дана | 3 | 3 |
| Көрпе тысы | " | 3 | 4 |
| Жастықтың сыртқы тысы | " | 3 | 3 |
| Жастықтың ішкі тысы | " | 1 | 5 |
| Сүлгі (аяқ сүртетін сүлгіні қоса алғанда) | " | 3 | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Түкті сүлгі | " | 1 | 2 |
| Жүннен, мақтадан жасалған көрпе | " | 1 | 6 |
| Бәйкі көрпе | " | 1 | 5 |
| Матрац | " | 1 | 8 |
| Мамық қауырсынды жастық | " | 1 | 8 |
| Төсек жапқыш | " | 1 | 6 |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 1050 қаулысына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

**Балалар яслилерінде, бала бақшаларда, және мектепке дейінгі санаторийлік ұйымдарда тәрбиеленуші балаларға арналған Тамақтандыру нормалары**
**(бір балаға күніне граммен)**

| Тағамдар | Балалардың жас мөлшері | | | | | Санаторийлік мекемелерде | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 3 жасқа дейін | | 3-7 жасқа дейін | | | | |
| | Мекемелерде болу ұзақтығы | | | | | 3 жасқа дейін | 3-7 жасқа дейін |
| | 9-10,5 сағат | 12-24 сағат | 9-10,5 сағат | 12 сағат | 24 сағат | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| **Тағамдар** | | | | | | | |
| Бидай наны | 55 | 60 | 80 | 110 | 110 | 70 | 110 |
| Қара бидай наны | 25 | 30 | 40 | 60 | 60 | 80 | 60 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бидай ұны | 16 | 16 | 20 | 25 | 25 | 16 | 25 |
| Картоп ұны | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| Жарма, бұршақ, макарон өнімдері | 20 | 30 | 30 | 45 | 45 | 35 | 45 |
| Картоп | 120 | 150 | 190 | 220 | 220 | 150 | 250 |
| Әр түрлі көкөністер | 180 | 200 | 200 | 250 | 250 | 300 | 300 |
| Жас жемістер | 90 | 130 | 60 | 60 | 150 | 250 | 350 |
| Кептірілген жемістер | 10 | 10 | 10 | 10 | 15 | 15 | 15 |
| Кондитерлік тағамдар | 4 | 7 | 10 | 10 | 10 | 10 | 15 |
| Қант | 35 | 50 | 45 | 55 | 55 | 50 | 60 |
| Сары май | 12 | 17 | 20 | 23 | 25 | 30 | 35 |
| Өсімдік майы | 5 | 6 | 7 | 9 | 9 | 6 | 10 |
| Жұмыртқа (дана) | 0,25 | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 1 | 1 |
| Сүт | 500 | 600 | 420 | 500 | 500 | 700 | 700 |
| Сүзбе | 40 | 50 | 40 | 40 | 50 | 50 | 75 |
| Ет | 60 | 85 | 100 | 100 | 100 | 120 | 160 |
| Балық | 20 | 25 | 45 | 50 | 50 | 25 | 70 |
| Қаймақ | 5 | 5 | 5 | 10 | 15 | 20 | 25 |
| Ірімшік | 3 | 3 | 5 | 5 | 5 | 10 | 10 |
| Шай | 0,2 | 0,2 | 0,2 | 0,2 | 0,2 | 0,2 | 0,2 |
| Дәнді кофе | 1 | 1 | 2 | 2 | 2 | 1 | 2 |
| Тұз | 2 | 2 | 5 | 5 | 8 | 5 | 8 |
| Ашытқы | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |

---

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 1050 қаулысына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.14 N 1050, өзгерту енгізілді - 2008.09.11 N 847 Қаулыларымен.

**Балалар үйлерінде және интернат ұйымдарында тәрбиеленуші балалар, орта арнаулы музыка және көркем сурет мектептерінде оқитын балалар, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінің студенттері, сондай-ақ кәмелетке**

**толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарындағы балалар үшін**
**Тамақтандыру нормалары**

| Атауы | Бір балаға арналған норма (күніне граммен) | |
|---|---|---|
| | мектеп жасына дейінгі | мектеп жасындағы |
| 1 | 2 | 3 |
| **Тағамдар** | | |
| Қара бидай наны | 60 | 150 |
| Бидай наны | 100 | 200 |
| Бидай ұны | 35 | 35 |
| Картоп ұны | 3 | 3 |
| Жарма, бұршақ, макарон өнімдері | 45 | 75 |
| Картоп | 300 | 400 |
| Көкөніс және одан басқа түрі | 400 | 470 |
| Жас жемістер | 260 | 250 |
| Кептірілген жемістер | 10 | 15 |
| Шырындар | 200 | 200 |
| Кондитерлік тағамдар | 25 | 25 |
| Қант | 55 | 70 |
| Сары май | 35 | 50 |
| Өсімдік майы | 12 | 18 |
| Жұмыртқа (дана) | 1 | 1 |
| Сүт, ашытылған сүт өнімдері | 500 | 500 |
| Сүзбе | 50 | 70 |
| Ет | 95 | 100 |
| Құс еті | 25 | 30 |
| Балық және май шабақ | 60 | 110 |
| Шұжық өнімдері | 10 | 25 |
| Қаймақ | 10 | 10 |
| Ірімшік | 10 | 12 |
| Шай | 0,2 | 0,2 |
| Кофе | 2 | 4 |

| | | |
|---|---|---|
| Какао | 1 | 2 |
| Тұз | 8 | 8 |
| Дәмдеуіштер | 2 | 2 |
| Ашытқы | 1 | 1 |

Ескерту: 1. Жазғы сауықтыру кезеңінде (90 күнге дейін), жексенбі, мереке күндері, каникул күндері тамақтандыруға арналған шығыстардың нормасы 10 пайызға көбейтіледі.

2. Негізгі тағам өнімдері бойынша азық-түлікті ауыстыру кестесіне сәйкес жекелеген тамақ өнімдерін алмастыруды жүргізуге рұқсат етіледі.

3. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатарынан балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілерін бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беретін оқу орындарына оқуға түсуге жіберген кезде оларға балалар үйлері мен мектеп-интернаттарды ұстауға бөлінетін қаражаттың есебінен жолда болу уақытына қызметтік іссапарлардың нормалары бойынша жол жүру мен тәуліктік шығыстары төленеді. Бұл ретте осы тәрбиеленушілер үшін тамақтандыруға арналған белгіленген шығыстар жүргізілмейді.

4. Бар үлгідегі балалар үйлерінің, интернаттық ұйымдардың басшыларына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға олар каникул күндері, жексенбі, мереке күндері туыстарының немесе жекелеген азаматтардың отбасыларында болған уақытында, сондай-ақ ауырған кезеңде тамақтандыру мөлшеріне сәйкес азық-түлік немесе тағамның құны шегінде қолма-қол ақша беруге рұқсат етіледі.

5. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы түзету ұйымдарында оқитын (тұрмай) оқушылардың тамақтануына арналған шығыстардың ақшалай нормасы күніне бір оқушыға арналған тағам құнының 75 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 14 қазандағы
N 1050 қаулысына
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

**Жекелеген пәндер тереңдетіле оқытылатын мамандандырылған мектеп-интернатта, дарынды балаларға арналған**

**мамандандырылған мектеп-интернатта оқитындарды Тамақтандыру нормалары**

| Атауы | Бір оқушыға арналған норма (күніне граммен) |
|---|---|
| 1 | 2 |
| **Тағамдар** | |
| Қара бидай наны | 250 |
| Бидай наны, тоқаш тағамдары | 300 |
| Бидай ұны | 30 |
| Крахмал | 5 |
| Жарма, бұршақ, макарон өнімдері | 125 |
| Қант, тәттілер | 120 |
| Бал | 20 |
| Кондитерлік тағамдар | 60 |
| Сары май | 30 |
| Өсімдік майы | 18 |
| Сүт, ашытылған сүт өнімдері | 450 |
| Қаймақ | 20 |
| Ірімшік | 70 |
| Сүзбе | 15 |
| Ет, ет өнімдері | 390 |
| Шұжық | 10 |
| Құс еті | 30 |
| Балық, май шабақ | 90 |
| Жұмыртқа | 50 |
| Картоп | 390 |
| Жас және консервіленген көкөністер | 680 |
| Жемістер-жидектер | 660 |
| Шырындар | 500 |
| Кептірілген жемістер | 15 |
| Шай | 2 |
| Кофе | 2 |
| Какао | 2 |
| Дәмдеуіштер | 2 |

| | |
|---|---|
| Т ұ з | 8 |

Ескерту: Тамақтандыру мөлшерінің нәрлілігін сақтай отырып, негізгі тағамдар бойынша азық-түліктерді алмастыру кестесіне сәйкес жекелеген тағам өнімдерін алмастыруды жүргізуге рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 14 қазандағы
N 1050 қаулысына
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

## Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатарынан бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылары мен студенттерін Тамақтандыру нормалары

| Атауы | Бір адамға арналған норма (күніне граммен) |
|---|---|
| 1 | 2 |
| **Тағамдар** | |
| Қара бидай наны | 170 |
| Бидай наны | 280 |
| Бидай ұны | 35 |
| Картоп ұны | 3 |
| Жарма, бұршақ, макарон өнімдері | 75 |
| Картоп | 400 |
| Көкөніс және басқа түрі | 470 |
| Жас жемістер | 250 |
| Шырындар | 200 |
| Кептірілген жемістер | 15 |
| Қант | 70 |
| Кондитерлік тағамдар | 25 |
| Кофе | 4 |
| Какао | 2 |
| Шай | 2 |

| | |
|---|---|
| Ет | 160 |
| Құс еті | 30 |
| Балық және май шабақ | 110 |
| Шұжық өнімдері | 25 |
| Сүт, ашытылған сүт өнімдері | 500 |
| Сүзбе | 70 |
| Қаймақ | 10 |
| Ірімшік | 12 |
| Сары май | 50 |
| Өсімдік майы | 18 |
| Дәмдегіш | 2 |
| Тұз | 8 |
| Ашытқы | 1 |
| Жұмыртқа (дана) | 1 |

---

Ескерту: 1. Жазғы сауықтыру кезеңінде (90 күнге дейін), жексенбі, мереке күндері және каникул күндері тамақтандыруға арналған шығыстар нормасы 10 пайызға көбейтіледі.

2. Студенттер мен оқушыларға ыстық тамақ болмаған кезде, сондай-ақ бір-екі рет тамақтандырылған кезде тамақтың орнына алынған ыстық тамақтың өтелмеген құнының мөлшерінде (саудалық үстеме бағасы ескеріле отырып) толық немесе ішінара ақшалай өтемақы төленеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 1050 қаулысына
8-қосымша

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

**Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатарынан олар бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарына (түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) оқуға түскен кезде мемлекеттік білім беру ұйымдарының бітірушілеріне берілетін киімдер мен аяқ киімдердің Тізбесі**

| Атауы | Өлшем бірлігі | Бір тәрбиеленушілерге арналған саны |
| --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 |
| Маусымдық пальто немесе жылы күздік күрте | дана | 1 |
| Бас киім (күзгі) | " | 1 |
| Жылы шарф | " | 1 |
| Қолғап | жұп | 1 |
| Аяқ киім | " | 1 |
| Шәркей | " | 1 |
| Іш көйлектер | дана | 2 |
| Түнде киетін көйлек (жейде) | " | 2 |
| Бюстгальтер | " | 2 |
| Қыздар рейтуздары | " | 2 |
| Колготкилер | жұп | 2 |
| Жасөспірімдер майкасы | дана | 2 |
| Трусилер | " | 2 |
| Мақта-матадан тоқылған ұйық | жұп | 2 |
| Трико | дана | 1 |
| Мақта-матадан тігілген жасөспірімдердің көйлегі | " | 2 |
| Шалбарлар (ерлерге арналған) | " | 1 |
| Жүннен тігілген костюм | жиынтық | 1 |
| Жүннен тігілген қыздар костюмі | жиынтық | 1 |
| Мақта-матадан тігілген көйлек | дана | 1 |
| Үйде киетін халат | " | 1 |
| Қол орамалдар | " | 2 |
| Сүлгі | " | 1 |
| Шамадан немесе сөмке | " | 1 |
| Жеке бас гигиенасына заттар: | дана | |
| иіс сабын және кір сабын | " | 2 |
| сусабын | " | 1 |
| паста | " | 1 |
| тіс щеткесі | " | 1 |

Ескерту: Киімнің және аяқ киімнің жоғарыда аталған тізбесімен жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, азаматтардың қорғаншылықтағы (қамқорлықтағы) патронаттағы азаматтар қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 14 қазандағы
N 1050 қаулысына
9-қосымша

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

**Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға олар жұмысқа жіберілген және жұмысқа орналасқан кезде берілетін киімдердің, аяқ киімдердің, жұмсақ мүкәммалдың, жабдықтардың Тізбесі**

| Атауы | Өлшем бірлігі | Заттар саны | |
|---|---|---|---|
| | | жігіттерге | қыздарға |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **Киім-кешек** | | | |
| Қысқы пальто | дана | 1 | 1 |
| Маусымдық пальто, күрте | " | 1 | 1 |
| Бас киім: қысқы | " | 1 | 1 |
| күзгі | " | 1 | 1 |
| Жылы шарф | " | 1 | 1 |
| Қолғап (биялай) | жұп | 1 | 1 |
| Шәркейлер | " | 1 | 1 |
| Іш киім | жиынтық | 2 | - |
| Іш көйлек | дана | - | 1 |
| Түнде киетін көйлек | " | - | 1 |
| Бюстгальтер | " | - | 2 |
| Колготкилер | жұп | - | 1 |
| Костюм, мерекелік көйлек | дана | 1 | 1 |
| Спорттық костюм | жиынтық | 1 | 1 |
| Әйелдердің жібек жейдесі | дана | - | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мерекелік көйлек | " | 1 | - |
| Жүннен тоқылған сарафан (белдемше) | " | - | 1 |
| Жүн матадан тігілген шалбар | " | 1 | - |
| Көйлек, сыртқы әйел жейдесі | " | 1 | 1 |
| Көйлек (мақта-матадан тігілген костюм) | " | 1 | 1 |
| Күртеше немесе жемпір | " | 1 | 1 |
| Қол орамал | " | 2 | 2 |
| Ұйықтар, гольфтар | жұп | 2 | 2 |
| Портфель, сөмке | дана | 1 | 1 |
| Шамадан | " | 1 | 1 |
| **Жұмсақ мүкәммал** | | | |
| Зығыр сүлгі | " | 1 | 1 |
| Түкті орамал | " | 1 | 1 |
| Жастықтың тысы (ішкі) | " | 1 | 1 |
| Жастықтың тысы (сыртқы) | " | 2 | 2 |
| Жүн көрпе | " | 1 | 1 |
| Ақ жайма | " | 2 | 2 |
| Төсек жапқыш | " | 1 | 1 |
| Көрпе тысы | " | 2 | 2 |
| Мақталы матрац | " | 1 | 1 |
| Жастық | " | 1 | 1 |
| Терезе пердесі | жұп | 1 | 1 |
| **Жабдықтар** | | | |
| Кереует | " | 1 | 1 |
| Зат қойғыш | " | 1 | 1 |
| Үстел | " | 1 | 1 |
| Орындықтар | " | 2 | 2 |
| **Ыдыс-аяқ** | | | |
| Ас үйлік | жиынтық | 1 | 1 |
| Асханалық | " | 1 | 1 |

---

Ескерту: Бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беру оқу орындарының басшыларына көрсетілген құнның шегінде осы тізбеге жекелеген өзгерістер енгізу құқығы беріледі. Оқушылар мен студенттердің қалауы бойынша киімнің, аяқ киімнің, жұмсақ мүкәммалдың және жабдықтың орнына (ерекшелік ретінде) қолма-қол ақша беруге немесе оны киімді, аяқ киімді , жұмсақ мүкәммалды және жабдықты өз бетінше сатып алуға студенттің (

оқушының) жинақ банкiндегi жеке шотына аударуға рұқсат етiледi.

Оқушы, студент еңбекке орналасқан немесе оқуға жiберiлген кезде оқу кезеңiнде олардың пайдалануында болған, кию мерзiмi бiтпеген киiм мен аяқ киiмдi оларға қалдыруға (қалауы бойынша) рұқсат етiледi.

Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2003 жылғы 14 қазандағы N 1050 қаулысына 10-қосымша

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

## Сәбилер үйiндегi балаларды киiммен, аяқ киiммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету Нормалары

| Атауы | Балалардың жас мөлшерiне қарай: 1 жасқа дейiн — саны | 1 жасқа дейiн — кию мерзiмi (жыл) | 1 жастан 2 жасқа дейiн — саны | 1 жастан 2 жасқа дейiн — кию мерзiмi (жыл) | 2 жастан 3 жасқа дейiн — саны | 2 жастан 3 жасқа дейiн — кию мерзiмi (жыл) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| **Iш киiм және төсек-орын жабдықтары** | | | | | | |
| Iш көйлек, майка, алды ашық жеңсiз көйлек | 25 | 3 | 10 | 3 | 10 | 3 |
| Кеудеше, пижама, түнде киетiн көйлектер | 12 | 3 | 15 | 3 | 6 | 2 |
| Тiзе басар, трусы, трико (жылы) | 40 | 3 | 40 | 3 | 10 | 2 |
| Тiзе басар, трусы, трико (жаздық) | 30 | 3 | 30 | 3 | 10 | 2 |
| Памперстер | 6 | 1 | 2 | 1 | 1 | 1 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| (бір тәулікке) | тәулік. | ке | тәулік. | ке | тәулік. | ке |
| Балалардың ақжаймалары | 7 | 3 | 8 | 4 | 8 | 4 |
| Жазғы жаялық | 130 | 3 | 50 | 3 | 10 | 2 |
| Жылы жаялық | 30 | 4 | 10 | 4 | - | - |
| Көрпе тысы (балалар. дың конверттері) | 8 | 3 | 8 | 4 | 5 | 4 |
| Жастықтың сыртқы тысы | 7 | 3 | 7 | 3 | 5 | 3 |
| Жастықтың ішкі тысы | 1,5 | 2 | 1,5 | 2 | 1,5 | 2 |
| Төсеніштік жастықтың тысы | - | - | 1,5 | 3 | 1,5 | 3 |
| Балалардың сүлгісі | 4 | 2 | 8 | 3 | 8 | 3 |
| Косынкалар, тақиялар | 5 | 3 | 5 | 3 | 5 | 3 |
| **Киім және аяқ киім** | | | | | | |
| Жылы костюмдер (көйлектер) | - | - | 6 | 3 | 6 | 3 |
| Жазғы костюмдер (көйлектер) | - | - | 8 | 3 | 8 | 3 |
| Тоқыма жаттығу костюмдері | - | - | - | - | 2 | 2 |
| Алжапқыштар | - | - | 3 | 2 | 3 | 2 |
| Ұйықтар, гольфтар | 5 | 1 | 10 | 1 | 10 | 1 |
| Колготкилер | - | - | 20 | 1,5 | 12 | 1 |
| Жүннен (жартылай жүннен) тоқылған свитерлер, күртешелер, кеудешелер | 1,5 | 3 | 2 | 4 | 2 | 4 |
| Рейтуздар | - | - | 2 | 2 | 2 | 2 |
| Су өткізбейтін күрте (плащ) | - | - | - | - | 1 | 2 |
| Маусымдық пальто | - | - | 1 | 2 | 1 | 2 |
| Қысқы пальто | - | - | 1 | 2 | 1 | 2 |
| Жаздық бас киімдер (панамкалар, пилоткалар) | - | - | 3 | 3 | 3 | 3 |
| Балалардың теріден жасалған бас киімі | - | - | 1 | 3 | 1 | 3 |
| Жүннен тоқылған бас киімдер | 1,5 | 2 | 1,5 | 2 | 2 | 2 |
| Шарфтар, мойын орамалдар | - | - | 1 | 2 | 1 | 2 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қолғаптар | - | - | 2 | 2 | 3 | 3 |
| Жүннен тоқылған ұйықтар | 4 | 2 | 3 | 1,5 | 3 | 1,5 |
| Туфлилер | - | - | 2 | 1 | 2 | 0,5 |
| Бәтеңкелер | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Бәтеңкелер, жылы етіктер | - | - | 1 | 2 | 1 | 1 |
| Резеңке етіктер | - | - | - | - | 1 | 2 |
| Мерекелік жылы костюмдер (көйлектер) | - | - | 1 | 2 | 1 | 2 |
| Мерекелік жазғы костюмдер (көйлектер) | - | - | 1 | 2 | 1 | 2 |
| Жібек, капрон ленталар (метр есебімен) | - | - | 2 | 2 | 2 | 2 |
| Мерекелік аяқ киім (чешклер және т.б.) | - | - | 2 | 2 | 2 | 2 |
| **Төсек-орындық және өзге де керек-жарақтар** | | | | | | |
| Балалар матрацтары | 2 | 3 | 1,5 | 3 | 1,25 | 3 |
| Мақта салып тігілген жылы балалар көрпелері | 2 | 3 | 1,5 | 3 | 1,1 | 3 |
| Жүн көрпелер, жартылай жүн көрпелер | 1,25 | 5 | 1,25 | 5 | 1,1 | 5 |
| Түкті балалар көрпелері | 2,5 | 3 | 1,5 | 3 | 1,25 | 3 |
| Матадан жасалған балалар көрпелері | 1 | 5 | 1 | 5 | 1 | 5 |
| Жастықтар | 2 | 4 | 1,5 | 1 | 1,5 | 4 |
| Ұйықтайтын қаптар | 1 | 4 | 1 | 4 | 1 | 4 |
| Кереует жанына төсейтін кілемшелер | 2 | 4 | 2 | 4 | 2 | 4 |
| Ыдыс сүртуге арналған орамалдар | 0,25 | 1 | 0,25 | 1 | 0,25 | 1 |
| Қол орамалдар (салфеткалар) | 10 | 1 | 10 | 1 | 10 | 1 |

---

Ескерту: Сәбилер үйлерінің бас дәрігерлеріне сәбилер үйлеріндегі балаларды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз етудің нормаларына олардың бір балаға арналған толық жиынтығы құнының шегінде жекелеген өзгерістер енгізуге құқық беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 14 қазандағы
N 1050 қаулысына
11-қосымша

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

## Сәбилер үйлеріндегі балаларды тамақтандыру Нормалары

| Тағамдар | Бір балаға арналған норма (күніне граммен) |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Бидай наны | 100 |
| Қара бидай наны | 50 |
| Бидай ұны | 20 |
| Картоп ұны | 3 |
| Жарма, бұршақ, макарон өнімдері | 35 |
| Картоп | 150 |
| Әр түрлі көкөніс | 300 |
| Жас жемістер | 250 |
| Кептірілген жемістер | 15 |
| Жеміс шырыны | 50 |
| Кондитерлік тағамдар | 10 |
| Қант | 50 |
| Сары май | 30 |
| Өсімдік майы | 6 |
| Жұмыртқа (дана) | 1 |
| Сүт | 700 |
| Сүзбе | 50 |
| Ет | 120 |
| Балаға және диеталық тамақтандыруға арналған ет консервілері | 50 |
| Балық | 25 |
| Қаймақ | 20 |
| Ірімшік | 10 |

| | |
|---|---|
| Шәй | 0,2 |
| Кофелік сусын | 1 |
| Тұз | 5 |
| Ашытқы | 1 |

Ескерту: Созылмалы іш ауруымен, туберкулезбен ауыратын балалар, денсаулығы әлсіреген балалар үшін, сондай-ақ оқшаулағыштағы ауру балалар үшін 15 пайыздық үстеме сақталады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 14 қазандағы
N 1050 қаулысына
12-қосымша

Ескерту. 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.10.14. N 1050 қаулысымен.

## Жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарда, мектеп жанындағы интернаттарда тұратын балаларды жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету Нормалары

| Атауы | Өлшем бірлігі | Саны | Ұсталу мерзімі (жыл) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **Жұмсақ мүкәммал** | | | |
| Ақ жайма | дана | 3 | 3 |
| Көрпе тысы | " | 3 | 4 |
| Жастықтың сыртқы тысы | " | 3 | 3 |
| Жастықтың ішкі тысы | " | 1 | 5 |
| Сүлгі (аяқ сүртетін сүлгіні қоса) | " | 3 | 1 |
| Түкті сүлгі | " | 1 | 2 |
| Жүннен немесе мақтадан жасалған көрпе | " | 1 | 6 |
| Бәйкі көрпе | " | 1 | 5 |
| Матрац | " | 1 | 8 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мамық қауырсынды жастық | " | 1 | 8 |
| Төсек жапқыш | " | 1 | 6 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК